


КӨСЕМБАЙ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІНДЕ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН «ВОЛЕЙБОЛ» СЕКЦИЯСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛДАУЫ

Көсембай негізгі мектебінде 2021-2022 оқу жылында Денсаулығы мықты, ұжымда ұйымдастыру қабілеті жоғары, жауапкершілігі мол, нақты қозғалыс координациясы қалыптасқан, жылдам, өзбетінше шешім қабылдай алатын жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау мақсатында Волейбол секциясы жұмыс жасады. Секция жұмысы аптасына үш рет жүргізілді. Жалпы -24 оқушы қамтылды. Секция бағдарламасы теориялық дайындық, Техникалық дайындық, Тактикалық дайындық, Жалпы дамыту жаттығулары, Жарыстарға қатысу жалпы бес тарауға бөлінген сағаттар негізінде жүргізілді. Секция жұмысына оқушылар белсенділікпен, қызығушылықпен қатынасты. Жыл бойына жоспарланған сабақтар толық өтілді. Секция сабақтарынан жыл аяғында оқушылар төмендегідей білімдерді меңгерді: волейбол ойнау ережесін;

- ойнаушының құқы мен міндеттерін;
- волейболдың шығу тарихын;
- ойын тактикасы туралы негізгі түсінік.
- алған білімдерін практикада қолдана білуді;
- назарларын, ойларын шоғырландырып, уақытты үнемдеуді;
- волейболды құштарлықпен ойнауды толық меңгеріп шықты.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында 16-желтоқсан тәуелсіздік күніне орай, 7-мамыр Отанқорғаушылар күніне орай Саға мектеп бала-бақшасы, Саралжын орта мектептерімен жолдастық кездесулер ұйымдастырылды. Сонымен бірге мектепшілік жарыстарда тұрақты өтілді. «Тордан 2-3 метр қашықтықтан допты жоғарыдан беру» және «Допты қабылдау, еркін шабуылдау» тақырыптарында секция сабақтары бойынша ашық сабақтар өтілді. Жалпы секция жұмысы негізгі мақсатын жүзеге асырды.

Волейбол секциясының жетекшісі:  А.Габдуллин